

Абикенова Г.Е.¹ Джолдыбаева У.М.²

¹эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

²эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғы

ӘЛ-ФАРАБИ ЕСІМІНІҢ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ОРТАСЫНА ОРАЛУЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Мақалада әлемнің екінші ұстазы, ғұлама ғалым әл-Фараби есімінің қазақ ортасына оралуына қатысты мәселелер сөз болады. Яғни фарабитанушы, геолог-ғалым Ақжан Машанидің ғұлама ғалым әл-Фарабидің қазақ топырағынан шыққандығын дәлелдейтін деректер келтіріледі. А. Машанидың әл-Фараби есімін таньтуда жасаған жұмыстары айтыла отырып, ғалымның өмір жолы мен шығармашылығына қатысты пікірлер қарастырылады. Сонымен қатар қазіргі қазақ ғалымдарының фарабитануға зор үлес қосқаны айқындалады. Үстіміздегі жылы Әл-Фарабидің мерейтойы халықаралық деңгейде ЮНЕСКО аясында аталып өтуіне орай ғұламаның есімін жас ұрпақтың санасына сіңіре отырып, нағыз қазақ топырағынан шыққан ғалым екендігіне қатысты пікірлер талданады.

Тірек сөздер: А. Машани, фарабитану, ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы.

Abikenova G.E. ¹ Joldybaeva U.M. ²

¹ Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of History of Kazakhstan KazNU named after Al-Farabi

² Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of History of Kazakhstan KazNU named after Al-Farabi

SOME ISSUES ABOUT THE RETURN OF AL-FARABI'S NAME TO THE KAZAKH SOCIETY

Abstract

There is discussed issues about return of the second teacher of mankind, famous scholar al-Farabi's name to the Kazakh society. And there are used Farabi researcher, geologist and scholar A.Mashani's works proving Al-Farabi's Kazakh origin.

Also, the article reveals the contribution of Kazakh scientists to Farabi studies. Concerning the wide celebration of al-Farabi's anniversary last year in an international level under the auspices of UNESCO, there were scaled and analyzed various opinions of scientists about the biography and work of the great philosopher. Today, we can say that there is no researcher who has not studied the world of Al-Farabi, who has not been interested in his scientific achievements and analysis on various grounds. In general, the works of the world-famous scientist contain not only a wide variety of Sciences necessary for the life of the human race, but also studied and commented on all the famous scientists of their time.

Keywords: A.Mashani, Farabi studies, famous scientist, second teacher of mankind

Абикенова Г.Е. ¹ Джолдыбаева У.М. ²

¹ кандидат исторических наук, доцент кафедры история Казахстана КазНУ им. аль-Фараби

² кандидат исторических наук, доцент кафедры история Казахстана КазНУ им. аль-Фараби

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ВОЗВРАЩЕНИЯ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ В КАЗАХСКУЮ СРЕДУ

Аннотация

Возвращение имени Второго учителя человечества аль-Фараби стало возможным благодаря трудам знаменитого ученого-геолога и фарабиеведа А.Машанова, известного в мире как аль-Машани. В статье приводятся сведения из трудов аль-Машани, доказывающие казахское происхождение аль-Фараби, а также раскрывается вклад казанских ученых в фарабиеведение. В связи с широким празднованием юбилея аль-Фараби на международном уровне под эгидой ЮНЕСКО анализируются различные мнения ученых о биографии и творчестве великого философа мирового масштаба. Можно сказать, что в настоящее время нет исследователя, который не исследовал мир Аль-Фараби, не привлек его достижений в области науки и анализа на различных основах. В основном труды всемирно признанной науки охватывали широкий спектр наук, необходимых для жизни человечества, но ученый изучал и комментировал все известные ученые своего времени. Из истории известно, что ученый родился в Отыраре.

Ключевые слова: А. Машани, фарабиеведение, известный ученый, Второй учитель человечества.

Жер беіндегі кез-келген адамзат қоғамын кемелдікке жеткізіп, өркениетке бастайтын бір ғана жол бар. Ол – білім мен ғылым жолы. Осы жолға өз өмірін арнап, артына өшпес мұра қалдырған данышпан ғалымдар санаты аз емес. Осы орайда, бүкіл әлемге «екінші ұстаз» деп танылған біздің ұлы бабамыз, түрлі ғылымдардың негізін қалаушы Әбу Насыр әл-Фараби екені даусыз.

Қазіргі тұста әл-Фараби әлемін зерттемеген, оның ғылым саласына қосқан жетістіктері мен түрлі негіздегі талдауларына қалам тартпаған зерттеуші жоқ деп айтуға болады. Негізінен әлем таныған ғұламаның еңбектерінде адамзат баласының өміріне қажетті ғылымның сан алуан түрі қамтылып қана қоймай, ғалым өз заманындағы белгілі ғалымдардың бәрін де зерделеп, түсіндірмелер жасап отырған. Ғалымның Отырар қаласында дүниеге келгендігі тарихымыздан белгілі. Олай болса, заманында түркі ғылымы мен мәдениетінің жоғары болғандығын ескере отырып, кемеңгер ғұламаның осындай терең білімнің бастауын араб елдерінде емес, өз елімізде – Отырарда алғанын атап өткен жөн. Түсіне білген адамға ғұламаның өз туған топырағы жайлы, оған деген шексіз махаббаты туралы оның толысып піскен алманың «бітім-болмысындағы жақсы қасиеті неде?» деген сауалға: «Бәрінен де оның ұрығы тамаша. Өйткені осы алманың өзі сол ұрықтан өсіп шығып, одан бүкіл бақ пайда болды ғой», деп жауап беруінің өзінде үлкен астар жастыр. Бұл жердегі ғұламаның тамаша сипаттауындағы «ұрық» деп отырғаны ғалымның өскен ортасы мен түрік нәсілі, білім алған бағы - Отырар кітапханасы болғандығын осы ойы арқылы түсіндіреді. Осы бақтан, яғни Отырар кітапханасынан өсіп шыққан ғұламалардың өте көп болғандығын ескерсек, орта ғасырда Отырарда ғылымның өте жоғары деңгейде болғанын байқаймыз [1, 56]. Болашақтың кемеңгер ғалымы алған білімін одан әрі дамытып, жетілдіру үшін сол кездегі араб мәдениетінің орталығы Бағдатқа аттанады. Мұнда ғылымның сан саласын қамтыған «Мамұн академиясы», «Даналық үйі», «Бағдат обсерваториясы» жұмыс істеп жатты. Ортағасырлық араб шежірешісі Ибн Халликанның жазуына қарағанда «Әбу Насыр Бағдатқа келгенде мұнда мәшһүр философ Әбу бишр Матта бин Йунус (870-940) тұратын. Ол Аристотель ілімінің, әсіресе логика саласының маманы еді. Ол өте сабырлы, сыпайы болып, өз ойларын нақты жеткізумен ерекшеленген. Сол себепті әл-Фараби шәкірт ретінде оның осындай қасиеттерін бойына сіңіріп, мол тәлім жинақтайды [Ибн Халликан Китаб уафайат әл-ағиан онба әбна аз- заман.Бейрут(жылы көрсетілмеген)153-157 беттер]. Сонымен бірге әл-Фараби логика, медицина, астрономия және басқа ғылым салалары бойынша сандаған еңбек жазды. Оның осы қажырлы еңбегі көптеген ғылыми жаңалықтар ашып, заманында білімпаздар арасынан озып шығуына негіз қалаған [2, 6 б].

Әл-Фарабидің қай жерде кіндік кесіп, қай халықтың өкілі екені туралы талас-тартыс күні кешеге дейін толастаған емес. Ұлы бабамыздың табаны тиген, ғылыми еңбектері жазылған Иран, Ирак, сондай-ақ бізбен көрші жатқан бірнеше мемлекет оның Отаны болуға тырысып бақты. Түрлі деректер келтіріп, дәлел-дәйектер ұсынып жатты [3,56]. Десек те, әл-Фараби сынды ғұлама ғалымның қазақ топырағынан екендігін дәлелдеу, яғни оның есімінің қазақ халқының төрінен орын алуы үлкен жолдан өткен болатын.

XX ғасыр үшін өте ауыр да қайғылы Ұлы Отан соғысының сұрапыл соғыс тұсында, яғни 1944 жылы қазақ қауымы Абайдың 100 жылдығын өз дәрежесінде атап өтуге келісім жасалып, ұлы ақын шығармаларындағы табиғат пен ғылымның қай дәрежеде көрініс тапқандығын баяндау мәселесі көтеріледі. Осы тұста ғалым Қаныш Сәтбаевтың ұсынысы бойынша бұл жұмысты атқару, яғни баяндама жасау тау-кен институтының түлегі, осы сала бойынша 1942 жылы ғылым кандидаты дәрежесін қорғаған Ақжан Машановқа жүктеледі. Мұхтар Әуезов бастаған абайтанушы ғалымдар, жазушылар және зиялы қауым алдында дана ақын Абай хақында, оның шығармаларын ғылыми танымдық тұрғыда техника ғылымы А.Машановқа жүктелуі қиынға соғады. Ол бұл істің аса терең мағыналы болуын іштей ұғынып, саласының өкілі үшін айтар ойының қаншама мағыналы да терең болуы маңызды еді. Баяндама сәтті шығып, Ақжан Машановқа артқан үміт ақталады. Ал бұл, абайтанудағы Ақжан Машановтың әл-Фарабиды тануына жол ашқан еді. Бұл туралы А.Машанов былай деп түйіндейді: «...Абайды оқып, тағылым-тәрбие алмаған болсақ, әл-Фарабиді сөз етер ме едік... Өзіме шындық жолды іздеуге бағыт берген Абай шығармалары деп білемін» [4]. Бұдан көріп отырғанымыздай, А.Машанов сынды ізденімпаз ғалым тау-кен маманы болса да Абай есімі арқылы әл-Фараби есімін қазақ ортасына оралуына негіз қалады [5, 386].

Осы тұста шығыстың ғылыми мұрасын зерттеуші, бұрынғы Чехия Ғылым академиясының президенті, білікті ғалым Э.Я.Кольман «Орта ғасыр ғылымы туралы» баяндамасында Европа ғылымының орта ғасырларда Шығыс, Араб елдерінен бастау алғанын айта келіп, Әл-Беруни, Әл-Хорезми, Ат-Туси, Ұлықбектерді атай келе, одан бұрын олар ұстаз тұтатын әл-Фараби есіміне ерекше ілтипат көрсетіп өтеді. Бұл жағдай А. Машановты елең еткізді және бұрын-соңды Орта Азия ғұламалары қатарында кезіктірмеген әл-Фараби есімін ол алғаш Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» поэмасынан оқыған еді. Ол кезде Ақжан Машанов Фараби атына немкеттілеу қараған болатын. Мағжан әспеттеген музыкант енді Шығыс ғұламасына, тіптен Тұран ғұламасына айналып отыр. Егер ол Орта Азиядан шығып, өзі орта ғасыр ғалымы болса, тәжік, әсіресе өзбек ағайындар әлдеқашан-ақ иемденіп алар еді. Қазақ болмаса Мағжан оны жырына тектен-текке кіргізбеген де шығар... Жаңылыс кетті дейін десе, Э.Кольманның атақ-абыройы, зерттеушілік ерендігі сенімсіздік тудырмайды. Сонда бұл кім, қай жерден шыққан, ғалымдағы неде? Ғылымды жасағанда мысқалдап жиналатын мәліметтер іздестіруге түрткі болатын осындай сұрақтар жас ғалым-геолог Ақжан Машановты күнделікті істен қолы қалт еткенде мазалай берді. Ол түрлі анықтамалық, әмбебаптық кітаптар бетін парақтап көрді, бірақ әл-Фараби есімі аталатын жолдарды кезіктіре алмады. Ал арнайы мақсатпен әл-Фарабиді іздестіруге Машановта қаражат болған жоқ. Ақжан Машанов 1946 жылы докторлық жұмысын қорғаған бетте жаңа шаңырақ көтерген Республика Ғылым академиясының Жер ғылымы бөлімшесінің тұңғыш корреспондент мүшесі болып сайланып, үш академиктің қатарында аталмыш

бөлімше шаңырағын көтерісіп, қажет төрт қанат керегенің бірі іспетіндегі ғалым санатында Қаныш Сәтбаевты президент етіп сайлаған ғылым ордасының құрылтайшысы болған еді [5, 396].

Осы кезден бастап А. Машанов ойында көптен жүрген әл-Фараби есімі мен оған қатысты мәліметтер жинақтау жиі оралады. Нәтижесінде, ғұлама туралы деректерді шетел кітапханаларынан іздестіру қажеттілігі туып, А.Машанов өзінің тілек хатын Берлин, Лиссабон, Париж, Каир, Мадрид қалаларына жолдайды. Соғыстан кейінгі ауыр кезеңде аталған елдерге бару мен ғылыми жұмыс жүргізу мүмкін емес болатын. Бұған дейін Мәскеу, Ленинград кітапханаларынан табылған аздаған деректердің ішінде: неміс тіліндегі екі, ағылшын және түрік тілдеріндегі бір-бірден табылған әл-Фараби еңбектерінің төрт библиографиялық тізімі шетел кітапханаларынан оның мұрасының көшірмесін сұратып алуға түрткі болады [5, 406]. Ақжан Машанов шетелге жол тартқан кісілердің барлығынан «қарай кел» деп әл-Фараби мұрасын тапсырумен болады. Нәтижесінде, академик Шахмардан Есенов Сайын Балмұханов Стамбулдан әл-Фараби кітаптарының тізімін әкеп берсе, академик Шахмардан Есенов Канадаға барған сапарында екінші ұстаздың Бейрутта араб тілінде шыққан еңбегін әкеліп, сыйға тартады. Ал өзі әл-Фарабидің үш кітабын «Ғалия» медресесінің кітапханасынан табады [6,16]. Сөйтіп, А. Машанов 1958-1960 жылдары әл-Фарабидің он шақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелеріне қол жеткізеді. Бұл деректер тарих ғылымының жанашыры Қаныш Сәтбаевтың қолдауына ие болады. Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қаныш Имантайұлының «орындалсын» деген бұрыштамасымен Ақжан Машановтың сұрау-хаттары қолдау тауып отырады.

Ізденісті жол қай ғалымның болсын, қаламын ұшқыр етері сөзсіз. А.Машанов та осы ізденісінің жемісін көріп, 1961 жылдың басында-ақ әл-Фарабидің Отырардан шыққан қазақ перзенті екендігінің бұлтартпас дәлелдерін ҚР ҰҒА Хабаршысында жариялады. Сөйтіп, әлемдегі Екінші ұстаздың қазақ перзенті екендігін дүние жүзіне ресми түрде мойындатқан құжат осылайша туындағанын қазақ ғалымдары жазды және білетіні сөзсіз [7]. Бұған қоса, 1962 жылы А. Машанов тұңғыш рет әл-Фарабидің философия үйренушілерге бағышталған 9 трактатын аударып және оның суретін жария етеді [8]. А. Машановтың осы еңбегі арқылы әл-Фараби еңбегінің алғаш қазақ тілінде жариялануы еді. А. Машанов бұл іспен ғана тоқтап қалмай, өз қаржысымен әл-Фараби ғұмыр кешкен Таяу Шығыс елдерін аралап, Дамаскідегі Баб-ас-Сағир зиратынан бабасының қабірін тауып, бір уыс топырағын әкеліп Отырар топырағына қосқаны да тарихымызға құндылығы шексіз. Оның бұл игілікті ісі Сирия үкіметінен әл-Фараби басына белгі қоюға өтініш жасауымен аяқталып, 1968 жылы әл-Фараби мазарына құлпытас орнатуға мұрындық болады.

Десек те, Ақжан Машанов ізденістері өзі нәтижесін берді, әл-Фараби есімінің қазақ топырағына қайта оралғаны өзге ағайындардың таласпауына да нақты дәлелдер келтірді. Бируни атындағы Шығыстану институтында әл-Фараби туралы ешқандай деректің жоқтығына көз жеткізді, әрі өзбек ағайындары әл-Фараби есімін мүлде естімеген болып шығады. Институт директорының орынбасары Мұзафар Хайруллаев Ақжан Машановтың жинаған әл-Фараби туралы азды-көпті мәліметтеріне таңырқауында шек болмады. Ғалым баба хақындағы қолда бар материалдарымен бөлісті және «әл-Фарабиге көз алартпандар» деп жоғарыда келтірілген «Академия хабаршысы» мен «Білім және еңбек» журналдарын сыйға тартады.

Сондай-ақ, Ақжан Машановтың әл-Фараби мұрасын Орта Азия елдерінен одан әрі іздеп, жинақтауына Азия және Қазақстан мұсылман қауымдастығын басқаратын муфти, араб тіліне жетік маман Зиалидин Бабаханмен танысуы басты себеп болады. Өзара пікір алмасудан соң ғұлама жөніндегі мәліметті Уфа, Қазан медресе-мешіттер мұрағатынан іздестіру туралы кеңес алады. Өз кезегінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында қазақ зиялыларының сауат ашып, қалыптасуына ықпал еткен «Ғалия» медресесінің кітапханасы Уфа мешітінің қарамағында сол қалпында сақталып қалады. Уфа мешітінен А.Машанов әл-Фарабидің үш кітабын бірден тауып, оны зерттеуге кіріседі. Оның бірі - неміс аудармасы болса, ал екінші және үшінші кітап 1907 жылы Каирде шыққаны белгілі. Аталған екінші және үшінші кітапта әл-Фарабидің он екі еңбегі мен өмірбаянына қатысты материалдар топтасады. Мешіттің имамы Камал Башари қазі әл-Фарабидің қазақ-қыпшақ тумасы екендігін естіп қуанып, сол кітаптың бірін Ақжан Машановқа сыйға тартып, Қазандағы Маржани медресесінде, кезінде әл-Фараби 44 логикасы (мантих) жеке дәріс ретінде оқытылғандығы туралы айтады [9].

Осындай құндылығы жоғары дүниелер, техника саласының маманы Ақжан Машановтың мол ізденістері арқылы қазақ ортасына оралды. Осындай ұлы мұралар мен құндылықты ардақтаудың басты шартының бірі - бүгін өркениеттің ұлы көшінде қалыптасқан. Қазақстан мемлекеті атын тағынған ұлттың болмыс- бітімін сақтап қалуда ары үшін жанын пида етуден де тайынбай, тар жол, тайғақ кешкен азаматтар есімін ұрпақ тәрбиесінің шамшырағына айналдырумен тікелей байланысты деп көрсете аламыз. Олардың қатарында ізденімпаз, техник-маман, фарабитанудың Кіндік Азия бойынша атасы саналатын ғұлама Ақжан Жақсыбекұлы Машанов еді. Ғылымда, ендігі тұста ғалым Ақжан Машани ретінде танылды. Осы тұста ғалым М.Шапийан зерттеуіне назар аударсақ, М. Хайруллаевтың әл-Фарабиді ташкенттік еткісі келген пиғылы 1971 жылы Мәскеуде өткен халықаралық конгрестің мәжілісінде, яғни ұлы бабаның ЮНЕСКО ауқымында 1100 жылдық мерейтойын өткізу мәселесі сөз болғанда тағы бір бой көрсеткен болатын. Осының кесірінен, ұлы бабаның мерейтойын өткізу мәселесі қыл үстінде қалып еді. Мәжілісте М. Хайруллаев сөз алып: «әл-Фарабидің мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция тек Ташкентте өткізілуге тиісті, әрі баба мұрасы марксизм тұрғысынан әділ бағаланады», - дегенде, мәжілісті басқарушы Египет ғалымы үстелді қойып-қойып қалып, орнынан атып тұрып: «Ислам ғылымының алыбы әл-Фарабиді марксизмге жүндетуге бере алмаймыз. Ғұламаның мерейтойы өзі ғұмыр кешкен араб елінде өтеді». Осындай қысылтаянда Алланың құдыретін мойындатар бірер сөзді араб тілінде айтып, А.Машани төрағадан сөз сұрайды. Өз тілінде тілек еткендігінен бе, төраға сабасына түскендей болып, А.Машаниге басын изеп, «сөйлеңіз» деген ишарат білдіреді. Сөз тізгінін алған ғалым «әл-Фарабидің туған қаласы

Фараб-Отырар, елі Қазақстан»,- дей келіп, қазақ ғалымдарының баба мұрасын игерудегі игі істерін атап шығады да, көне заманда әйгілі ғұлама Птоломей мұны нақты жазып, карта жасап, Отырарды «әл-Фарабидың туған жері» деп көрсеткен бұлтартпас дәлелдерін алға тартады. Сөйтіп, төрағаны және басқа ғалымдарды бүтін Араб, Шығыс елдерінің орта ғасырдағы ислами ғылымының жұлдызының кіндік қаны тамған Отаны - Қазақстанға шақырады. «Әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, Қазақстанда тойлансын» дейтін қаулы қабылданған мәслихаттың шешімі Ақжан Машанидың әл-Фарабиді зерттеудегі ең нәтижелі жеңісі еді [6.6-76],- деп көрсетеді.

Бұл оқиға өзінің шешімін тауып, тарихымызда белгілі әл-Фарабиге арналған ғылыми форум 1975 жылы қыркүйектің 8-13-де Мәскеуде басталып, кейін мерейтой ғұламаның өз отаны Қазақстанда - Алматыда аяқталған болатын. Осы кезеңде А.Машани әл-Фараби мұраларын игеруге арналған 32 ғылыми еңбектерін жариялап, оның 5-еуі жеке кітап, монография болып басылса, оның ішінде (1970) тарихи романы да болды [5, 476].

Бүгінгі таңда еліміз әл-Фараби бабамыздың мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде атап өтіп, оның әлемдегі «екінші» ұстаз болғандығымен, мол ғибратты еңбектерімен ел мақтанышына айналдырып отыр. Ал, сол әл-Фарабидің қазақ бабасы екенін әлем ғалымдарына мойындатқан кім десек, ұлық тойда ұлы іс тындырған геолог ғалым Ақжан Машани екендігімен әр қазақ мақтанып қана қоймай, марқая білуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Бейсенбай Б. Ұлы ғұламаның шынайы өмірбаяны. //Егемен Қазақстан, 2020, 5- мамыр, 5-бет*
- 2.Дербісәлі Әбсаттар қажы. Әбу Насыр әл-Фараби мен әл-Мутанаби. //Егемен Қазақстан. 2020,28-сәуір, 6 – бет*
- 3.Е. Бектұрғанов. Даналық феномені. «Егемен Қазақстан»2020,14-мамыр,5-бет*
- 4. әл-Фараби және Абай. - Алматы. 1994. -248 б*
- 5 Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл- Машаниге арналады / Құраст. Ш. Абдраман. - Алматы, 2006. - 397 б., суретті. - “Ұлы тұлғалар” ғылыми-ғұмырнамалық сериясы. 38-43б, 47-б,*
- 6. Шатиян М. Әл-Фарабиді қазаққа қайтарған Ақжан Машани. //Islam. 2003.kz.1-б*
- 7. Боқаев Қ. Әл-Фараби және Ақжан Машани. //Ана тілі газеті.1998 жыл. 18-24 қазан.6-7б*
- 8. Изв. АН КазССР. Общ. наук. 1961. № 5. С. 38; Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы. 1961. № 5. 105-106 б.*
- 9. Білім және еңбек. (кейінгі «Зерде») 1962. № 1. 4 б.*